

Литература:

- 1 Шаханов М. Эпопея Желтоқсан. Документальный роман. 2011 год.
- 2 Козыбаев М.К. Декабрь 1986г.: факты и размышления/ Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. – В 2-х кн. – Кн. 1.- Алматы, 2000.
- 3 Ясперс К. Смысл и назначение истории. -Москва 1994 г.

Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы

Байгазиева Н.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Смағұлов Н.Б
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан бай тарихи, мәдени мұрасын қайта жаңғырту немесе халық педагогикасының озық салт-дәстүрлерін жаңа заман талабына сай кеңінен пайдалану мәселелердің бірі. Халқымыздың әлеуметтік, мәдени, рухани байлықтары қай заманда да әр баланың азамат болып қалыптасуына зор әсер еткені, әлі де әсер ете беретіні белгілі. Сондықтан халқымыздың өткен өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына әділ баға беріп, келешек жас ұрпаққа пайдалы, қажетті дүниелерді үнемі насихаттап отыруды дәстүрге айналдыру қажет.

Қазақ халқының мәдени-тәрбиелік мұралары педагогикалық ой-пікірлерді жинақтап, зерттеу, жүйелеу, оның алдыңғы қатарлы үлгілерін бүгінгі бала тәрбиелейтін ұстаздарға ұсыну қазіргі өмір талабынан туындаған көкейкесті мәселелердің бірі. Қазақ халқының ұлттық тәрбие берудегі жетістігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан мектеп қабырғасында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған білім, білік, тәрбиелік тәжірибелерін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынады. Адам тәрбиесі, оның ішінде адамгершілік қасиеттер, елді қорғау, ұлттық сана-сезімді дамыту олардың еңбектерінің алтын өзегі болғаны анық [1, 3 б.]

Қазақстан аумағындағы араб графикалы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеудің маңыздылығын мына бір фактінің өзі-ақ анық көрсетеді: әлемдік ғылымда бұл туралы осы кезге дейін бірде-бір жарияланым болған жоқ, эпитафиялар мәтіндерінің бірде-бірі жарияланбады. Бір замандарда өңірдің өмірінде елеулі рөл атқарған тұтас бір әулеттер жерленген кешендердің (жергілікті атаулары мазар, қауым, бейім, мам) жерлеу эпиграфикасы ерекше назар аударарлық және зерттелмеген деуге болады. Мұндай кешендер жергілікті халық үшін құрмет тұтып, тауап ететін орындар болған және қазір де солай. Тым ежелгі мазар-кешендер әлдеқашан жер астында қалған, олардың басындағы құлпытастарды археологтар немесе бөгде адамдар кездейсоқ тауып алуда. Бұл кешендердің эпиграфикалық материалдарына тарихшылардың, филологтардың, исламтанушылардың және Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен шұғылданатын басқа да мамандардың қолдарын жеткізу үшін оларды жариялау жөніндегі жұмыс бірінші кезектегі міндет болып отыр. Қорымдардағы эпиграфикалық жазбалардың кешенді түрде зерттелуі бұл ескерткіштердің құрылу ерекшеліктеріне жаңа көзқарасымызды қалыптастырып, олардың мәдени-тарихи кеңістіктегі орны мен рөлін анықтауға жәрдемдесер еді. Шақпақ-ата секілді кешендер осы күнге дейін өңір халқының «киелі орталығы» болып табылады.

Ескерткіштердің саны оларды сақтау бағытындағы және проблемалар зерттеушілердің алдына зор міндеттер қойып отырса да, бұл саланы зерттеу аса маңызды. Эпиграфика ескерткіштерін іргелі зерттеу және жариялау жұмыстары оңай да, шығынсыз да емес. Алайда қазіргі қарқынды жойылу тұсында оларды тіркеп, зерттеу және жариялау осы бағажетпес мәдени ескерткіштерді сақтаудың әзірше бірден-бір жолы екенін айтқан артық болмас. Осы тұрғыда "Қазақстанның эпиграфикалық ескерткіштері" сериясын баспадан шығару келелі

ғылыми оқиға деп бағалауға болады. Жазба ескерткіштердің қай-қайсысы секілді бұл мәтіндер де, әлбетте, өздері жазылған заманның өзінше бір таңбалары болып табылады; сондықтан олардың мазмұнындағы ақпарат көлемін дұрыс «ажыратып алу» маңызды. Эпиграфика талай ғасырлар бойғы саяси, этно-лингвистикалық және басқа да үдерістер мен оқиғаларды тура немесе жанама түрде бейнелейді.

Эпиграфика жазбалар әрі баға жетпес тарихи құжаттар, әрі құсни жазу мен тасқа оймыштап жазу өнерінің үздік үлгілері болып табылады, сондықтан олардың орналасқан қорымдар мен жеке қабірусті ескерткіштердің жәй-күйі, сақталу деңгейі алаңдатуда. Халқымыздың санғасырлық мәдениетінің осындай жәдігерлерін сақтау ісінде Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы мен оған қарасты тиісті ұйымдардың зор ізденісі мен нақты шараларын атап өткен орынды. Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы ғылыми-әдістемелік Кеңестің шешіміне орай өңірлік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Шақпақ-Ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы» жеке ғылыми еңбек болып шығып отыр.

Құлпытастардағы эпитафиялар халықтың тарихын, оның мәдениетін айқындап беретін жазбаша деректемелер, өткен заманның өзінше бір үлгідегі құжаттары болып табылады. Олардың анықтығын зерттеуші жазбаша деректемелермен дәлелдейді, ал осы деректемелер міндетін білікті рулардың өңірде сақталған халықтық шежірелері атқаруда. Олардың кейбір өкілдері бұрынғысынша қазір де халық қамы жолындағы өз қарекеттерін жалғастырып отыр.

Жазбалардың нашар сақталуы олардың тіркеу ісінде қиыншылық туғызуда. Алайда бірегей эпиграфикалық мәтіндерді бастырып шығару бағытындағы іргелі ізденістер бұл қиыншылықтардың есесін қашан да артығымен қайтарады. Басылым филологтарға, тарихшы-лингвистерге және әсіресе тарихтың әртүрлі салаларын зерттеумен шұғылданатын мамандар үшін өте пайдалы болады болмақ.

Маңғыстау өңірінің типологиясы бойынша алуан түрлі ескерткіштерінің арасында архитектурасы мен құрылымы жағынан жартастағы жерасты мешіттері ерекше. Бұлар көбінесе бір камералы, жобасында тікбұрышты ғимараттар. Олар әктасты таулардың немесе жоталардың баурайларынан ойылған. Әдетте, жерасты мешіттерінің кіреберісі оңтүстікке қарай бағытталған. Жайпақ төбелерінде жарық түсетін, желдетуге арналған дөңгелек ойықтар жасалынады. Кейбір осындай ескерткіштерде, соның ішінде Масат-ата кешенінің жерасты мешітінде, оңтүстік қабырғада кірер ойықтан батысқа қарай онша терең емес арқалы қуыс түріндегі михраб бар. Өңірде бір камералы мешіттермен қатар бірнеше камералы ғимараттар кездеседі. Мәселен, Шопан-ата, Сұлтан-епа, Қараман-ата, Масат-ата, Есен-ата кешендеріндегі жерасты мешіттері, Ескі Бейнеу қорымындағы Бекет-ата, Үстірттің батыс шыңдарында Оғланды өңіріндегі Бекет-ата мешіті. Олардың кейбіреулері бастапқыда табиғи үңгірлерден жайларға икемделіп, өте ежелгі замандарда пайдаланған болуы мүмкін. Мысалға, Қараман-ата жер-асты мешітінде архитектор А.Б. Ордабаев тапқан (1971 ж.) жебенің шақпақтастан жасалған ұштығы, сондай-ақ Сұлтан-епа жерасты мешіті маңындағы тас дәуірі тұрағының сақталған орындары осын- дай ойға жетелейді. Бұл ғимараттардың интерьері неғұрлым қатты әктастық шөгінділердің үстіндегі қалың жұмсақ мергел балшығы қабатынан ойылған, ал әктас шөгінділері жерасты жайлардың төбесінің жабыны міндетін атқарған. Бірқатар жағдайларда (Қараман-ата мешіті) мергел тау жыныстарының бір бөлігін табиғи тіреулер ретінде қалдырып отырған немесе әктас блоктарынан тіреулер жасаған (Сұлтан-епа жерасты мешіті).

Шақпақ-ата жерасты мешіті өзінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Ол Түпқараған түбегінің солтүстік-шығыс жағалауында, Сарыташ шығанағының оңтүстік жағалауында, Таушық кентінен солтүстік-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Мешітті алғаш рет Қазақ КСР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология институтының экспедициясы 1966-1968 жылдары зерттеген. Экспедицияның басшысы талантты жас зерттеуші А.Г. Медоев болды. Мешіттің жоспарлары суретке алынып, эпиграфикасы тіркелді, мешіт орналасқан ауданның аумағы зерттеліп, онда палеолит және неолит дәуірлерінің тұрақтары табылды. Осы зерттеудің материалдары бойынша А.Г. Медоев 1969 жылы мақала жариялады. Мақалада мешіттің суреттемесі, ғимараттың салынған датасы мен сипаттамасы беріліп, осы қайталанбас ерекше ескерткіш ғылыми айналымға енгізілді. 1973 жылы Шақпақ-ата жерасты мешітін Қазақ

политехника институты мен Қазақстан Ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің архитекторы М. М. Меңдіқұлов басқарған бірлескен экспедициясы зерттеді. Экспедиция ескерткіштің өлшемдерін жүргізіп, фототіркеме жасады. Мешіттегі жұмыс үшін келесі экспедицияны Қазақстан Мәдениет Министрлігі 1976 жылы А. Итеновтың басшылығымен ұйымдастырды. 1979 жылы Қазақстан Мәдениет министрлігінің М.С. Нұрқабаев басқарған экспедициясы мешіттің егжей-тегжейлі өлшеу жұмыстарын жүргізді және ескерткіштің қорғаудағы аймағының топографиялық планын суретке түсірді. Кейіннен өлшеулер негізінде бірінші кезектегі реставрациялық жұмыстардың жобасы жасалды. Ескерткішті сол кездегі күйінде сақтауды көздеген жобада мұнымен қатар ескерткішті одан әрі бүлінуден қорғайтын бірқатар іс- шаралар ұсынылды. Жобада мешітке кіреберістің алдынан қарау алаңын жасау, беткейдің табанынан осы қарау алаңына дейін тас баспалдақ жасау, жартастар тым төмен тұстарда тірме қабырғалар қалау, жарық киоскісінің интерьерін түскен тастардан тазарту және киоскінің уақытша жабынын жасау ұсынылды. Бұл жоба бойынша реставрациялық жұмыстарды «Маңғыстауреставрация» шеберханасы 1983-1984 жылдары жүргізді. 1984 жылдан бергі өткен уақыттың ішінде ескерткіштің жай-күйінде жағымсыз елеулі өзгерістер болып, олар ескерткішті сақтау жөнінде шұғыл шаралар қолдануды талап етіп отыр. 1982 жылы «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы» республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға қабылданған. 2008 жылы «Мәдени мұра» өңірлік салалық бағдарламасы аясында Маңғыстау облысының ескерткіштері сериясын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізуге ұсынуға дайындық жұмыстарының пилотты жобасы ретінде «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы» ескерткішінің қорғалатын аумақтарында археологиялық қазбалар, топографиялық, кешенді инженерлік зерттеу, сәулет-археологиялық, этнологиялық зерттеулер және қорғау аймақтарын жобалау жұмыстарын зерттеулер өткізілді. Бұл зерттеулер мешіттің құрылысының қалыптасқан уақытын (XIV ғасырдың бірінші жартысы), өзгеру кезеңдерін дәл анықтауға, қазіргі жәй-күйін замануи әдістермен тіркеп, құжаттандыруға мүмкіндік туғызды. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесі табылған артефакттар мен мұрағат-библиографиялық ізденістер Шақпақ-ата ғимаратының негізгі құрылысы XIV ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқанын дәлелдейді. Мешітке таяу жерде баспана-қамалдардың қираған орындарының болуы ғимараттың салынуы Ұлы Жібек жолының Арал-Каспий бөлігіндегі керуен жолдарының пайда болуымен және дамуымен байланысын жоққа шығармауға дәлел.

Шақпақ-ата мешітінің батыс беткейінде аттас қорым орналасқан. Төменгі террасада жайғасқан бұл кешенде осы өңір үшін дәстүрлі әктас шөгінділерінен ойылған әр уақыттағы және алуан түрлі ғимараттар шоғырланған. Қорым аумағындағы оңтүстік түрікмен және солтүстік қазақ бөліктері әрқайсысына тән қабірусті ескерткіштермен сипатталады. Қорымның екі бөлігінің екеуінде де ішінара рулық тамғамалармен белгіленген ежелгі және кейінгі кездегі қабірусті тастар бар. Архитектуралық-көркемдік тұрғыдан XVIII-XIX ғасырлардағы және XX ғасырдың басындағы ескерткіштер неғұрлым назар аударады. Бұлар негізінен қойтастар, құлпытастар, сандықтастар (саркофагтар) мен сағана тамдар. Ескерткіштер қабырғаларының жазықтықтары жайпақ бедер және контурлық бұранда техникасымен салынған әр алуан ою-өрнектік композициялармен безендірілген. Шақпақ-ата кешенінің эпиграфикалық материалын тіркеу және жариялауға дайындау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруда Маңғыстау облысының Мәдениет басқармасы бастамашы болды. Ол 2006-2007 жылдар ішінде Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтымен хат алысып, 2008 жылғы қазанда Маңғыстау облысы мәдениет басқармасының қолдауымен Шақпақ-ата кешенінің араб графикалы эпиграфикасын зерттеу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының құрамында Ә.Қ. Муминов пен А.Ш. Нұрманова бар экспедициясы ұйымдастырылды. Жұмыстардың басталуы алдында М.С. Нұрқабаев өзінің кешенді зерттеу кезінде жинаған бүкіл фотомұрағаты берілді. Экспедицияға қатысушылар кешендегі барлық жазулардың көшірмесін түсіріп алды. Сол тұрған орнында суретін салу, жазуларды бастапқы оқу жұмысы жүзеге асырылды. Мешіттегі жазуларды тіркеу кезінде М.С. Нұрқабаевтың

нөмірлеуі негізге алынды. Жазуларды әр заманда, әртүрлі адамдар жазған. Олардың көпшілігі үзік-үзік болып келеді, оның үстіне уақыт та өз дегенін істеп, көптеген жазулар мүлдем өшіп қалған. Біраз жазулар жөндеу жұмыстары кезінде сылақтың астында қалған. Жазуларды дұрыс ажыратып оқу және дәлме-дәл аудару үшін ескерткіш соның атымен аталған Шақпақ-ата тұлғасының үлкен мәні бар. [14 б.]

Шақпақ-ата кешеніндегі эпиграфиканы зерттеу араб жазуы эпитафияларда XX ғасырдың ортасына дейін пайдаланылған деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тіпті 1920-жылдардың аяғында араб жазуы ресми түрде алынып тасталғаннан кейін де жазудың осы түрінің тоқтамай одан әрі осынша ұзақ пайдаланылуының себебі араб әліпбиі қазақ халқына мұсылмандықпен бірге дарыды және ислам дінінің нышаны болды.

Эпиграфикалық ескерткіштерді тіркеу мен зерттеудегі біздің қолданған әдістер материалдың сипатына, оның сақталу дәрежесіне, жазуларға және т. б. байланысты болды. Эпиграфикалық материалдың негізгі бөлігі мазардың кіреберіс мандайшалары мен қабырғаларына, құлпытастарға, қойтастарға, сағана-тамдарға қашалған. Кейбір мәтіндер жалпақ бетке тырналып жазылған, сондықтан оларды фототіркеу кезінде тастарды қапталынан жарық беріп түсіруге немесе әріптерді аздап ретуштеуге және т. б. тура келді. Мәтіндерді сол тұрған жерінде, өлшемдерін, материалдың ерекшеліктерін және т. б. тіркеп көшіріп алу маңызды болды. Бір жағдайды есте ұстау керек: мәтіндердің негізгі бөлігі үзік-үзік, білім деңгейлері әртүрлі адамдардың қиын ажыратылатын жазуларымен жазылған, мұның өзі кейбір жазулардың оқылуын қиындатты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Халық қазынасының айнасы. - Алматы: Тамас баспа үйі, 2006. – 56 б.

2 Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы. – Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова; редакторы Б. М. Бабаджанов. - Алматы: Дайк- Пресс, 2009. – 224 б.

КУЛЬТ КОНЯ У КАЗАХОВ. ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ.

Куандыкова Г

Научный руководитель: к.и.н., доцент У.У. Умиткалиев
Северо – Восточный Федеральный университет имени М.К. Аммосова
g.kuandykova@list.ru
Россия, Республика Саха, Якутия, город Якутск.

В казахском обществе используются 4 вида для обозначения высокого социального статуса: коней, верблюдов, баранов и коров. Они символизируют четыре стороны света, четыре стихии, четыре типа человека и четыре направления - верх, низ, право и лево. Кроме этих общепризнанных особенностей, у каждого вида животного есть своя, отличная от остальных символика. Самым священным у казахов всегда считался конь. Конь издавна почиталась казахским народом. Место этого священного животного для казахского народа очень особенное. Конь стал неотъемлемой частью казахского национального самосознания, духовного бытия, быта, обычаев, культуры и искусства. Любимая родственная душа после супруга, животное, чье качество пропитано кровью. Казах-сын видит коня как коренного человека, а казахская лошадь-как личность, как определитель своего поведения, мира, души. Следовательно, для казахов лошадь является единственным символом благородства. Однако, естественно, культ коня тесно связан с жизнью кочевников.

Типовой образ коня для казахов во всех веках считается символом и связью с высочайшим миром - миром предков, праотцов. Это можно увидеть в проявлении в всевозможных ритуалах — родильных, похоронных, свадебных. В похоронных ритуалах перемещение человека в иной мир вселенной сопровождался и отправкой туда его коня, с